

## 2021 жылға Ойыл ауданы бойынша пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № 5 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 қаңтарда № 8033 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

### **ЗҚАИ-дың ескертпесі!**

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға Ойыл ауданы бойынша пробацация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Айдарбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл ауданының әкімі*

*А. Қазыбаев*

Ойыл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы

**2021 жылға Ойыл ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота**

| № р/н | Ұйымдардың атауы   | Жұмыскерлердің тізімдік саны | Квота мөлшері (Жұмыскерлердің тізімдік санынан %) | Жұмыс орындарының саны (бірлік) |
|-------|--|------------------------------|---|---------------------------------|
| 1     | Жеке кәсіпкер "Әлібеков Мирас Әлібекұлы"   | 50                           | 2   | 1                               |
| 2     | "Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі   | 100                          | 2   | 2                               |
| 3     | "Ойыл аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көкжар" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 50                           | 2   | 1                               |
| 4     | "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Ойыл аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны  | 100                          | 2   | 2                               |
| 5     | Жеке кәсіпкер "Әліп Күлжамал Әлібекқызы"   | 50                           | 2   | 1                               |
|       |  |                              |   |                                 |

|   |   |    |   |   |
|---|---|----|---|---|
| 6 | "Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ойыл аудандық ветеринариялық стансасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | 50 | 2 | 1 |
|---|---|----|---|---|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК